

Катонқарағай аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 шілдедегі № 40/359-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 шілдеде № 7369 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Катонқарағай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) Катонқарағай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 17/160-VI "Тіркелген салықтың мөлшерлемелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-13-135 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 14 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

2) Катонқарағай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 маусымдағы № 18/171-VI "Катонқарағай ауданы бойынша бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы" Катонқарағай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 17/160-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-13-143 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 16 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

А. Джумагулова

Д. Бралинов